Наурызбен тұспа-тұс келген Ораза айт күнінде бөлімшеде ұлттық салт-дәстүрді ұлықтайтын келелі іс-шара өтті. Кең фойеге айттың ақ дастарханы жайылып, келген-кеткен дәм татты.

Құрметті теміржолшы, абыз қария Қырықбай Әлсейітұлы, Жүк тасымалы бөлімшесінің басшысы Алмас Сейсемқанов пен Семей магистральдық желі бөлімшесінің директоры Айдын Шәукежанов және «Қазтеміржолкәсіп» ҚБ Семей өңірі бойынша өкілі Есен Қажығұлов сөз алып, көпшілікті құттықтады.

Айта кетсек, биылғы Наурыз мерекесі жергілікті теміржолшылар үшін жағымды жаңалығымен келіп отыр. Жүк тасымалы, қозғалыс қауіпсіздігін сақтаудағы жетістіктерден бөлек, биыл Семей қаласында теміржолшылар үшін жаңа баспана салынатынын жеткізген басшылар жақсы жаңалықтардың көп болуына тілек білдірді.

Осыдан соң ұлттық сипаттағы театрландырылған қойылымдарға кезек берілді. Алдымен көпшілік алдына шыққан НЖС-6 қыз-жігіттері қазақ халқының көнеден жеткен «Шашбау тағу» дәстүрін сахналады. Ал бөлімшенің еңбекті қорғау бөлімі мамандары «Байғазы беру» салтының көпшілік біле бермейтін қыр-сырын айшықтады. Кеңсе қызметкерлері бірігіп «Сырға салу» бойынша көрініс көрсетіп, төл дәстүріміздің ұмытылып бара жатқан үлгілерін насихаттады.

Десек те, Семей вокзалының ұжымы көрсеткен «Қыз ұзату» көрінісі ерекше әсерлі шықты. Бас құда болып құдалар тобын бастап келген бөлімше бастығының вокзал шаруашылығы бойынша орынбасары Нұрлан Жақсылықұлы өз образын шебер сомдап, бұл ұлттық рәсімнен мол тәжірибесі бар екенін байқатты. Сыңсу айтудан бастап, құдаларға құйрық-бауыр асату, арқан керу, ырым-сырым, өлі-тірі сынды ел шығысына тән салт-жоралғылар қаз-қалпында көрсетілді.

Сол тәрізді Жүк тасымалының «Құда түсу», техникалық қызмет көрсету мамандарының «Шілдехана», Әкімшілік-шаруашылық бөлімінің «Тұсау кесу», ал Қаржы блогы қызметкерлерінің «Бесікке бөлеу» сынды ұлттық дәстүрлерді көрсетуі сәтті, танымды да тағлымды шықты. Бесіктің әрбір бөлшегін жіліктеп түсіндіріп, үкі мен шүмекті не үшін әрі қалай тағу керектігін де тәптіштеп шыққандар тамашалап тұрған жастар қауымына «тыштыма» жегізіп те жіберді.

– Бұл – байқау емес. Салт-дәстүрді ұлықтап, ұлттық құндылықтарды жас буын арасында дәріптеу. Жаһандану заманында бабаларымыздан қалған таным мен мәдениетті қайта жаңғырту – аса қажет дүние, – дейді бұл ретте пікір білдірген осынау айрықша шараның негізгі ұйымдастырушысы «Қазтеміржолкәсіп» ҚБ Семей өңірі бойынша өкілі Есен Асқарұлы.

*Қуаныш ҚОЖАЕВ, Семей*
*Суретті түсірген автор*

# САЛТ-ДӘСТҮР ТӨРГЕ ОЗҒАН КҮН

**Күн мен түн теңескен Ұлыстың ұлы күні де келіп жетті. Әз Наурыз мейрамын «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы мен оның филиалдары, құрылымдық бөлімшелер, еншілес ұйымдары Наурызнама онкүндігі шеңберінде әрбір күнге ерекше мән беріп, жоғары деңгейде атап өтті.**



Өткен жұма күні Магистральдық желі дирекциясына қарасты әрбір департамент қазақтың әдеп-ғұрып, салт-дәстүрлерінен қойылымдар қойды. ЦЖСФ, ЦЖСИнвест департаменттері қазақ халқының қыстан аман-есен шығып, көктеммен қауышатын, бір-бірімен көрісіп, жаңа жылды береке-бірлікпен бастайтын дәстүрлі мейрамы Көрісу күнін ұлықтады. ЦЖСБТ сұлулықтың символына айналған Қыз Жібек фильмінен сахналық қойылым қойып, қазақ қыздарына тән ибалылық, әдеп, даналық, мейірім, ізеттік сынды көркем қасиеттерін көрсетті. ЦЖСЗис, ЦЖСВ, ЦЖСГО департаменті қазақтың баспанасы киіз үй тарихы, оны дұрыстап құру, ішi-сыртын безендіру, текемет ілу, тағысын тағы бағалы асай-мүсейлермен жабдықтау өнерін паш етті. ЦШ департаменті қазақ халқының ежелгі, өте мәртебелі дәстүрінің бірінен саналатын Құда түсу өнерін жаңғыртты. Жігіт жағы қыздың ауылына арнайы барып, құдалық кәделер рәсімін жасады. Екі жақ танысып, мың жылдық құда болуға уәделесіп, төс қағыстырды. Құда түсу салтын ЦЖСАктив, ЦЖСВП, ЦЖСБ департаменттері Сырға салу дәстүрімен жалғастырып әкетті. Сырға салу – қазақ халқының қыз ұзату мен құдалық дәстүрінің маңызды бөлігі. Бұл жөн-жоралғы екі жастың атастырылғанын білдіреді. Жігіт жақтан келген





құдағилар қалыңдықты көріп, көрімдігін беріп, құлағына алтын сырға тақты. «Бақытты болсын», «Ұрпақтары өсіп-өнсін», «Екі жаққа да құтты болсын» деген баталы сөздер айтылды.

Ал ЦЖСЭ, ЦЖСТП, ЦЖСРиск департаменттері қазақ халқының қыз баланы жаңа әулетке аттандыратын, ата-ананың ақ батасымен, ағайынның ризалығымен өтетін салтанатты, ең көне салт-дәстүрлерінің бірі Қыз ұзатудан көрініс қойды. Бұл рәсімде қыз сыңсу айтып, қоштасып, қыз жасауы беріліп, арнайы «Қыз көші» жоралғысымен шығарып салынды. ЦЖСТех, ЦЖСИр, ЦЖСКр екі жастың үйлену тойын жоғары деңгейде көрсетіп, аста-төк ақ дастархан жайылып, ақ баталар мен тілектер қарша борады. ЦП, ЦЖСМ департаменттеріне қазақ халқының ер адамдар арасындағы сыйластықты, бауырластықты және шынайы достықты білдіретін ежелгі амандасу дәстүрі «Төс қағысу» бұйырыпты. Бұл рәсім алыстан келген қонақтармен, құдалармен немесе көптен көріспеген достармен кездескенде жүрекке жақындықты білдіру үшін, сондай-ақ құдалық бекігенде қуанышпен орындалатын әдеп-ғұрыпты департамент ұжымы әдемі көрсете білді. ЦЖСКанц, ЦЖСДО, ЦЖСТОиР департаменттері келін түсіріп, беташар тойын жасады. Жаңа түскен келінді ата-енесімен, ағайын-туыспен таныстырып, көпшілікке көрсететін қазақтың салтанатты дәстүрі беташар рәсімін жырау домбырамен айтып, келінге сәлем салдырып, енесіне жас келіннің бетін аштырды. ЦЖСК, ЦЖСЮ департаменттері сүйінші сұрау дәстүрінен сыр шертіп, қуанышты хабар әкелушіге сыйлық беру жоралғысын жасады. Дирекциядағы Наурыз мейрамын ЦЭ департаменті баланың тұсауын кесуімен аяқтады. «ҚТЖ» ҰК» АҚ Басқарма төрағасының орынбасары Мұрат Маратұлы Төрегелдин сәбидің тұсауын кесіп, ақ жол тіледі.

*Сұлугүл БАКЕСОВА*
*Суреттерді түсірген*
*Александр ЖАБЧУК*

# ДИРЕКЦИЯДАҒЫ ДУМАН

**Ұлыстың ұлы күніне орай «ҚТЖ» ҰК» АҚ «Біріктірілген жоспарлау дирекциясы» филиалы да кең дастархан жайып, Наурыз мейрамын атап өтті. Кең фойеге кілем төсеп, құрақ көрпе жайып, киіз үй атрибутын құрған филиал қызметкерлері тоғызқұмалақ, асық ойнап, күй тартып, ән салып, дүбірлі думан жасады.**



Дирекцияның мерекелік думанына «ҚТЖ» ҰК» АҚ Басқарма төрағасының орынбасары Марат Шакенов бастаған компания басшылары келіп қатысты. Дирекцияның өткен жылғы жұмысына жоғары баға берген Марат Арапбекұлы теміржолдың стратегиялық жоспарлау қызметінде маңызы зор ұжымның алдағы еңбегіне сәттілік тіледі. Мекеменің HR бас менеджері Руслан Баспақтың айтуынша, қазіргі таңда дирекцияда 100 қызметкер жұмыс істейді.

– Екі жыл бұрын құрылған біздің дирекцияның міндетіне қозғалыс кестесін, тасымалды жоспарлау, маркетинг қызметі кіреді. Яғни Қазақстан бойынша бүкіл пойыздардың қай уақытта қалай жүретінін біздің дирекция жоспарлайды. Дирекция 5 департаменттен тұрады: тиеу және түсіруді ұйымдастыру департаменті, жүк тасымалын маркетингілеу департаменті, қозғалыс кестесі және пойыздар құрастыруды жоспарлау департаменті, көрсеткіштерді өңдеу және мониторингілеу департаменті және эксплуатациялық жұмысты индикативті жоспарлау департаменттері бар. Ұжым өте білікті мамандардан, яғни теміржол саласындағы жоспарлаушылар, маркетологтар, кесте жасаушылардан құралған. Жұмыстан тыс кезде, Наурыз сияқты мерекелік іс-шараларда өнерлі де белсенді ұжымбыз, – дейді ол.

Биылғы Наурызда аталған дирекция ҚТЖ бойынша «Берекелі шаңырақ» номинациясын жеңіп алды.

*Райхан РАХМЕТОВА*
*Суретті түсірген автор*

# НАУРЫЗ АЙЫ ТУҒАНДА

**Наурыз мерекесін Сыр бойының теміржолшылары кең көлемде, ерекше атап өтті. Бұл күні ұлттық құндылықтар дәріптеліп, спорттық ойындар ұйымдастырып, үздіктер марапатталды.**



Наурыз тойы өнерпаздардың сахналық қойылымымен басталып, дәстүрлі ойындарға ұласты. Бөлімше маңындағы алаңда Қызылорда ЖТ бөлімшесі директорының м.а. Мейрамбек Шолтабаев, бас инженер Күлхан Белкібаев, «Қазтеміржолкәсіп» ҚБ филиалы төрағасы Бауыржан Ахметов, Аймақтық ардагерлер кеңесінің төрағасы Марат Шайжан, тағы басқалар сөз алып, көпшілікті ұлыстың ұлы күнімен құттықтады.

Марапатсыз мереке мереке ме?! «ҚТЖ-ЖТ» Қызылорда агенттік пунктінің жүк және багажды қабылдап-тапсырушылары Жарас Утебалиев, Белкөл станциясынан Айнұр Иярова, Қызылорда локомотив пайдалану деposының тепловоз машинисінің көмекшісі Талғат Миржанов бөлімше басшылығының алғыс хатымен марапатталды.



Наурыз – ұлттық рухтың жаңғыратын шағы. «Ұлттық ойын – халық мұрасы» атты спорттық шара өтіп, бөлімшенің спорт секторы Бақытжан Имбергенов, кәсіподақ ұйымының жаңа төрайымы Ғалия Қожахметова жүлдегерлерге бағалы сыйлық табыстады. Мерекеде ерекше нақышта ұлттық киім киген теміржолшыларға да арнайы сый-сияпат жасалды. Наурызкөжеден дәм татқан теміржолшылар ізгі тілектерін айтып, бір-бірін құттықтап жатты...

– Жалпы, биылғы Наурыз теміржолшылар үшін халықтық сипатта өтті. Айдың 13-нен бастап тораптық станциялардағы салалық мекемелердің кәсіподақ ұйымы жетекшілері мен филиал қызметкерлерінің ұйымдастыруымен түрлі шаралар өткізіліп, ұжымдық ынтымақтың беки түсуіне ықпал етті. Шиелі, Сексеуіл тораптық бекеттеріндегі теміржолшылар мен Қазалыдағы жол, белгі беру, электрмен жабдықтау дистанцияларында өткізілген наурыз күнделігі ұлағатты істермен, тағылымдық әсерімен көпшіліктің жүрегіне жылылық ұялатты, көрермендердің қызу қолдауына ие болды, – дейді «Қазтеміржолкәсіп» ҚБ Қызылорда филиалы төрағасы Бауыржан Ахметов.

*Сабырхан СЕЙІЛБЕКҰЛЫ, Қызылорда*
*Суреттерді түсірген автор*

# МАҢҒАЗ МАҢҒЫСТАУДА

**Әрісі Орталық Азиямен, берісі Болашақ арқылы Түркіменстанмен шектесетін ұлан-байтақ аумақты алып жатқан түбек теміржолының түкпір-түкпірінде неше күн бойы түрлі іс-шараның көрігі қызды.**



Магистральдық және жүк тасымалы бөлімшелерінің бас ғимаратында өткен «көрісуден» басталған дүбірлі той желі бойындағы теміржол мекемелерінде жалғасты. Білекті жігіттер боз кілемде күш сынасып, өнерлі аналар шеберлігімен жарысты. Келіндер жағы самаурынын қайнатып, көжесін әзірлеп, қонағына қаймақ қатқан шай құйды. Құрт, ірімшігін дайындап, алты қанат ақ үйде дастарханын жайнатты. Ер азаматтар ләңгі теуіп, асық ойнап, садақ атты, арқан тартты. Жастар жағы алтыбақан аясында сейіл құрып, атқа мініп, қыз қуу ойынына қатысты.

Магистральдық желі бөлімшесі мен Жүк тасымалы бөлімшелерінің атынан Мұнайлы ауданының орталық алаңында үлкен үй тігіліп, келген қонақтар мен сала қызметкерлеріне қонақасы берілді. Бөлімшелердің басшылары, кәсіподақ ұйымдарының төрағалары жиылған жұртшылықты құттықтап, ақжарма тілектерін жеткізді. Мұндай басқосулар Болашақ станциясында да жалғасты. Болашақтық теміржолшылар мерекені әнмен әрлеп, спорттық ойындар арқылы тартымдылығын арттыра түсті. Бейнеулік теміржолшылар да қалыспады. Ұлттық спорт түрлерінен жарысып, жол дистанциясының ғимаратында үлкен жиын ұйымдастырды. Дистанция тіккен үйді ұлттық үлгідегі бұйымдармен безендіріп, ақ жаулықты аналар ұршық иіріп, жастарға үйретіп, қолдан жасаған дүниелерін көрсетті. Ерлер жағы садақ атып, түрлі ұлттық ойындар ойнап жарысты.

*Шахида ЖҰМАН, Маңғыстау*
*Суретті түсірген автор*

# ҰЛЫҚ МЕРЕКЕ КӨРКІ – ҰЛТТЫҚ ОЙЫНДАР

**«Әскерилендірілген теміржол күзеті» ЖШС Тараз филиалының қызметкерлері жыл сайын Ұлыстың ұлы күнінде ұлттық ойындарды жаңғыртып, арқан тарту, асық ату, қол күрестен ішкі біріншілік өткізуді дәстүрге айналдырған.**

Биыл да сол үрдісті жалғастырып, ұлттық ойындардан өткен жарыс соңы Наурыз тойына ұласты.

– Ұлыстың ұлы күніне орай Тараз филиалының әр атқыштар командасы арасында ішкі чемпионат ұйымдастырып, ұлттық ойын спортын насихаттадық. Арқан тарту, асық атудан жарыс аса тартысты өтті. Сондай-ақ ерлер командалары шағын футболдан бақ сынады. Сәуір айында әйелдер арасында қол күресінен республикалық біріншілік өткізеді. Бүгінгі іріктеуде топ жарғандар сол додаға жолдама ұтып алды. Бізде Сарышағандағы атқыштар командасында қыз-келіншектер көп, солар бүгін жақсы дайындықпен келіпті.



Қарсылас шақ келтірмеді. Оларды өз салмақ дәрежесі бойынша жеңіске жеткен филиалдың әкімшілік қызметкері бастап барады. Арқан тартуда Түрксіб командасы үздік шықты. Ізгілік мерекесі – Наурыз тойының ұжымды ұйыстыра түскеніне тағы бір мәрте көз жеткіздік. Әр команда іс-шараның жоғары деңгейде өтуіне атсалысты, – дейді «Әскерилендірілген теміржол күзеті» ЖШС Тараз филиалының директоры Еркін Мүсілімов.

Еркін Түгелбайұлы мереке қарсаңында филиал қызметкерлерінің еңбекке деген құлшынысын арттырған жағымды жаңалықтар болғанын атап өтті. «Наурыз мерекесіне орай барлық қызметкерлерге сыйақы берілді. Тағы бір атап өтетіні, әскерилендірілген теміржол күзетінің қызметін оңтайландыру, дер кезінде өз қызметін атқаруын жеделдету мақсатында автопарк жаңартылды. Республикалық аппараттан филиалға 7 Toyota Hilux көлігі берілетінін жария етті. Автокөліктердің кілтін мерекеден кейін әр атқыштар командасын шақырып, салтанатты түрде табыс ететін боламыз», – деп түсіндірді филиал директоры.

Наурыз көже пісіріп, ақ дастархан жайылып, ән мен күйге бөленген мерекелік іс-шарада «Әскерилендірілген теміржол күзеті» қызметінде адал еңбегімен көзге түскендер Алғыс хаттармен марапатталды. Спорттық ойындар жарысының жеңімпаздарына арнайы дипломдар мен сыйлықтар тапсырылды.

*Ардақ ҮСЕЙІНОВА, Жамбыл*
*Суретті түсірген автор*

№22-23 (3169-3170) 27/03/2026

# ПОД ОБЩИМ ШАҢЫРАКОМ

**Шаңырақ как символ единства и преемственности поколений стал центральной темой празднования Наурыз мейрамы в коллективе Главного вычислительного центра АО «НК «ҚТЖ» (ГВЦ).**



В четвертый день праздничной декады «Наурызнама», Шаңырақ күні, в мажилис-зале административного здания компании буквально ожили национальные традиции: у импровизированной юрты был накрыт щедрый дастархан, звучали кюи и песни, работники в колоритных костюмах участвовали в национальных играх и исполняли народные танцы.

На праздник, организованный коллективом и профсоюзным комитетом ГВЦ, были приглашены председатель ОО «Казпрофжел» Оразгали Ахметбаев, директор департамента социальной политики АО «НК «ҚТЖ» Акмарал Байгабулова, председатель филиала «Астана» ОО «Казпрофжел» Серик Сарсекеев, руководство, работники ГВЦ и другие.

Приветствовали гостей мероприятия праздничным шашу. Все желающие могли проверить свою силу и ловкость в национальных играх – асық, арқан тарту, қол күресі, бес тас. Живой интерес и веселье вызвал бег в мешках. Поразили своей грациозностью сотрудницы ГВЦ, исполнившие танец камажай, который плавно сменился зажигательной қара жорға. Бурные аплодисменты получили также работники, продемонстрировавшие прекрасный вокал.

Главным символом праздника стал шаңырақ, олицетворяющий в народной традиции устойчивость и единство семьи. Не случайно, благословляя молодых, аксакалы говорят: «Шаңырағың шайқалмасын», а отчий дом казахи называют «қара шаңырақ».

Участники праздника, разделившись на четыре команды, представили свое видение этого важного символа. Все команды проявили творческий подход – создали импровизированные шаңыраки, украсив их национальными орнаментами. Презентация сопровождалась стихами, песнями и танцами.

Особую атмосферу создали национальные костюмы – самые яркие и самобытные образы отметили подарками.

В завершение праздника состоялась церемония награждения, во время которой с поздравлениями и напутственными словами выступили уважаемые гости, пожелав всем благополучия, крепкого здоровья и мира.

– В этот особенный день, Шаңырақ күні, вы наглядно показали, как важны взаимопонимание, дружба и уважение к своим традициям и культуре, – подчеркнул в поздравительной речи Оразгали Ахметбаев.

Акмарал Байгабулова в свою очередь отметила, что Наурыз – один из самых древних и значимых праздников, она поблагодарила участников за созданную атмосферу и вручила диплом директору филиала АО «НК «ҚТЖ» – «Главный вычислительный центр» Еркину Еленову.

*Любовь РОВБА, Астана*
*Фото Александра ЖАБЧУКА*

**В ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» празднование Наурыз мейрамы прошло с особым размахом, превратившись в яркое событие, наполненное глубоким смыслом, национальным колоритом и атмосферой искреннего единения. Праздник объединил работников предприятия, гостей и членов комиссии, став настоящим символом преемственности традиций и весеннего обновления.**

# ТРАДИЦИИ И СИЛА ДУХА

**Руслан РАХМЕТОВ,**
Астана



С первых минут гости окунулись в атмосферу великого степного торжества. Их встречали батыры в национальных доспехах с тазы и беркутом – олицетворением силы, свободы и духа кочевой цивилизации. Праздничное настроение задала завораживающая пластика танца қара жорға, который стал ярким прологом ко всей программе.

После приветственных слов руководства председатель профсоюзного комитета ТОО «КТЖ – ГП» Ермек Толегенов провел обряд бата, наполнив мероприятие особой духовной теплотой и благословив коллектив на благополучие, согласие и новые достижения.

Программа Наурыза отличалась насыщенностью и разнообразием. На праздничной площадке развернулись национальные игры и состязания, вызвавшие живой интерес и активное участие работников. С особым азартом проходили асық ату, арқан тартыс, жілік сындыру и бестемше – игры, в которых проявились ловкость, сила и командный дух. Настоящим испытанием выносливости стало зрелищное соревнование по приседанию с тушей барана, ставшее одной из самых обсуждаемых частей праздника. Победитель был награжден ценным призом – сертификатом на получение живого барашка, символизирующего достаток и благополучие.

Особое место заняла культурная программа. Артисты театра представили театрализованную постановку беташар, позволив гостям прикоснуться к сакральным традициям казахского народа. Музыкальную палитру праздника украсили виртуозные выступления домбристов, а также завораживающее горловое пение, наполнившее пространство древними звуками степи.

Для гостей были организованы тематические площадки: фотозона с профессиональным фотографом, выставка национальной атрибутики, где каждый желающий мог примерить элементы традиционного костюма и сделать памятные снимки. Интерактивные и познавательные блоки позволили глубже познакомиться с культурным наследием, а также принять участие в конкурсах, включая конкурс на лучший национальный образ.

Кульминацией праздника стало подведение итогов и торжественное награждение победителей. Завершилось мероприятие массовым флешмобом, теплым общением и щедрым дастарханом, за которым участники делились впечатлениями и поздравлениями, наполняя пространство атмосферой уюта и искренней радости.

– Наурыз – это праздник, который объединяет людей, укрепляет дух коллектива и напоминает о наших корнях. Сохраняя традиции, мы формируем сильную и сплоченную команду, – подчеркнул генеральный директор ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» Асан Умбетов.

Празднование Наурыза в ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» стало ярким воплощением живой связи поколений, уважения к национальным ценностям и стремления к единству. Это был не просто праздник – это было настоящее торжество души, в котором прошлое и настоящее соединились в гармонии, создавая прочную основу для будущих достижений.

*Фото Александра ЖАБЧУКА*

# ВРЕМЯ ОБНОВЛЕНИЯ

**Ярко и душевно отметили Наурыз мейрамы в филиале по пассажирским перевозкам «Южный» АО «Пассажирские перевозки» с соблюдением всех национальных традиций. Атмосфера была наполнена искренним гостеприимством, теплом и светом, присущим этому древнему празднику весны и обновления.**

Сотрудники филиала, профсоюзный комитет приняли самое активное участие в организации торжества. Девушки в национальных костюмах приглашали всех за богатый дастархан с традиционными угощениями, среди которых особое место занял наурыз-коже – символ достатка и благополучия.

Гости мероприятия смогли насладиться национальной музыкой, увидеть красочные обычаи и обряды, передающиеся из поколения в поколение. В ходе мероприятия были показаны казахские обряды: тұсау кесу (разрезание пут), символизирующее благословение на счастливый жизненный путь ребенка. Не менее интересным и колоритным стало құда түсу (сватовство), а также обряд беташар – знакомство невесты с новой семьей. Здесь как нигде было показано уважение к старшим, важность семейных ценностей.

Председатель Совета ветеранов-железнодорожников Алматинского региона Дуан Умаров поздравил всех с замечательным праздником, пожелав всем мира и добра, здоровья и удачи.

С сердечной теплотой отметили праздник Наурыз в Алматинском эксплуатационном локомотивном депо.

По случаю торжества состоялся праздничный концерт, участниками которого выступили сами же работники депо. Повсюду звучали песни, танцы, проходили спортивные состязания. В украшенной юрте встречали гостей ароматным пловом и баурсаками, праздничным бешбармаком, кумысом и шубатом, создавая атмосферу настоящего праздника и щедрого дастархана. В праздничных гуляньях приняли участие ветераны отрасли, которые напутствовали всех присутствующих добрыми и теплыми словами, желая мира и процветания.



Юртовый городок, развернувшийся на станции Алтынколь, в честь праздника Наурыз мейрамы стал центром праздничных гуляний, где убранство каждой юрты отличалось изысканностью и неповторимостью.

Все было продумано до мелочей – утварь, расшитые орнаментом ковры и корпе, четко показывающие кочевой быт казахов. Звучали кюи, гостей угощали праздничным пловом и другими национальными блюдами. Собравшиеся насладились национальной музыкой, посмотрели традиционные обряды, почувствовали дух единства и сплоченности. Люди из близлежащих аулов тоже пришли разделить торжество праздниками вместе с железнодорожниками.

– Праздник стал не только данью традициям, но и прекрасной возможностью укрепить корпоративный дух, напомнить о ценностях дружбы и уважения, – отметил директор филиала ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» – «Алтынколь» Данияр Нуркасымов.

Надо отметить, что в Алматинском регионе во всех предприятиях и подразделениях проходят и пройдут праздничные мероприятия, посвященные Наурызу – символу обновления, благополучия и сохранения культурного наследия.

*Елена КОЛДАСБАЕВА, Алматы*
*Фото автора*

# ГОСТЕПРИИМСТВО И КОРПОРАТИВНОЕ ЕДИНСТВО

**Железнодорожники станции Караганда-Сортировочная с размахом отметили праздник Наурыз, символизирующий плодородие, дружбу и любовь.**



В связи с этим важным событием на площади Дворца железнодорожников было установлено шесть юрт – ВЧД-13, ПЧ-24, ШЧ-19, ТЧЭ-14, ПЧМ Акадыр, НОДГП-4.

С раннего утра женщины в национальных костюмах готовили ароматный плов, жарили баурсаки, накрывали праздничные дастарханы с различными яствами и приглашали заглянуть собравшихся на площади гостей к ним на огонек.

Особо почетными гостями стали ветераны-железнодорожники, проработавшие много лет в стальной магистрали и передавшие свои навыки и мастерство молодым специалистам.

Также по доброй традиции на сцене площади Дворца железнодорожников прошел праздничный концерт с участием приглашенных и местных артистов. Из их уст звучали популярные песни про Наурыз. Жители Сортировки активно подпевали им и пританцовывали в такт трендам современной казахской музыки, которая сочетает в себе национальный колорит с современным звучанием.

Во время мероприятия присутствующих поздравили директор филиала ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» – «Қарағанды» Марат Ибраев и директор Карагандинского отделения магистральной сети Толеубай Кенжебеков. Они подчеркнули, что весенний праздник символизирует обновление, рождение новой жизни, а также период новых возможностей. Он посвящен плодородию, любви и дружбе. Как правило, в старом году остается все плохое и неприятное, а весной происходит возрождение всего самого светлого и радостного. Они пожелали всем счастья, благополучия и хороших показателей в работе.

Торжество продлилось до позднего вечера с народными гуляньями, ярмарками и спортивными состязаниями.

Как отметили гости и местные жители, мероприятие прошло в атмосфере корпоративного единства, радости и гостеприимства. Одним словом, праздник удался!

*Светлана МОГАЙ, Караганда*
*Фото автора*

# ВЕСНА ИДЕТ, ВЕСНЕ ДОРОГУ!

**Праздничные дни Наурыза выдались в Уральске солнечными, но прохладными. Однако это не помешало праздничному настроению, и гулянья состоялись и в каждом коллективе, и традиционно общее на привокзальной площади.**

Гвоздем программы, как водится, является праздничный дастархан с баурсаками и наурыз-коже, а также другими традиционными и популярными в народе яствами. Но не только они. В каждом коллективе уральских железнодорожников были украшены интерьеры, стилизованные под юрты, а сами работники нарядились в национальные костюмы. Также были подготовлены и праздничные программы силами самодеятельных талантов, конечно, пригласили и ветеранов предприятий.

В частности, на станции Уральск устроили флешмоб из национальных традиций, начиная с праздничного рукопожатия. А в Уральском эксплуатационном локомотивном депо вообще устроили большой концерт с танцами, песнями, инсценировками и частушками на железнодорожную тематику. Машинисты с помощниками с большим азартом соревновались в гиревом спорте, поднимая сразу по две полуторапудовые (24 килограмма) гири, в армрестлинге, арқан-тарту и қой-көтеру (подни-



мание барана). А уж плов на костре в настоящем казане после активного отдыха на улице – просто пальчики оближешь. Также занимательно прошли праздничные мероприятия в Уральской дистанции пути и Уральской дистанции сигнализации и связи. На станции Жилаево впервые в этом году масштабно отметили Наурыз.

А в субботу на привокзальной площади област-



ного центра собрались все. Тепло поздравили собравшихся замдиректора Актобинского отделения магистральной сети по Уральскому региону Дюсенбай Қожагельді, замдиректора ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» – «Ақтөбе» по Уральскому региону Еркен Сахтанов, бата дал Почетный железнодорожник, Почетный гражданин Уральска Михаил Надточий, а отличник просвещения КазССР и Республики Казахстан Валентина Надточая по сложившейся традиции поздравила участников праздника и гостей города стихами собственного сочинения.

В двух нарядно украшенных в национальном стиле юртах, поставленных на отремонтированной привокзальной площади, были накрыты дастарханы для ветеранов и детей железнодорожников. Гости праздника угощались баурсаками и наурыз-коже, покупали сувениры и национальные украшения хэнд-мейд от местных рукодельниц, охотно фотографировались в организованных фотозонах, катались на качелях.

Красочная и музыкальная концертная программа от культпросветобъединения отдела культуры акимата города Уральска порадовала зрителей. Были также показаны инсценировки с основными значимыми традициями казахского народа, в том числе и тұсау кесу – перерезание пут сыну дежурного по станции Жилаево Жардемгали Кусаинова. К слову, Алим к радости родителей выбрал спортивную медаль.

Нашлось место и время для спорта. Инструктор-организатор Бекзат Гилманов и спортинструктор ФСК «Локомотив» Болат Карлибаев провели соревнования для детей по асық-ату, а для взрослых – по гиревому спорту и арқан-тарту. Как всегда, самыми сильными оказались путейцы. Организаторами праздника выступили профсоюзный комитет Уральского узла с цеховыми комитетами и руководителями железнодорожных предприятий Уральского региона.

*Анна ПАНИЩЕВА, Уральск*
*Фото автора*

ҚТ rail-news.kz

№22-23 (3169-3170) 27/03/2026

# ТҮРКСІБ САЯБАҒЫНДАҒЫ СЕРУЕН

**Жамбылдық теміржолшылар Тараз қаласы Түрксіб саябағындағы шағын этноауылда ізгілік пен еңбек мерекесі – Ұлыстың ұлы күнін ұлттық ғұрыптық дәстүрлерге сай сән-салтанатпен атап өтті.**







«ҚТЖ – Жүк тасымалы» ЖШС Жамбыл филиалы және Жамбыл магистральдық желі бөлімшесіне қарасты құрылымдық мекемелер ақшаңқан алты киіз үй тігіп, наурыз көже, бауырсақ пісіріп, теміржолшыларға арнап ақ дастархан жайды.

Ән әуелеп, күй күмбірлеген этноауылдағы Наурыз тойын бесікке салу, тұсаукесер, беташар дәстүрлерін жаңғыртып, көрініс көрсеткен ВЧД-27 Жамбыл вагон пайдалану, ТЧЭ-31 Жамбыл локомотив пайдалану деполары мен ЭЧ-21 Жамбыл электрмен жабдықтау дистанциясының қызметкерлері жұрт назарын қызықтырды.

Жігіттер жағы арқан тартыста кім мықтыны анықтаса, ерлер мен әйелдер арасындағы қол күресте бәсеке қыза түсті. Тоғызқұмалақ жарысы да тартысты өтті. Ұлттық спортты ұлықтаған теміржолшылар мен жеңімпаздар Алғыс хаттармен марапатталып, кәсіподақ ұйымының атынан сый-сияпатқа ие болды.

«ҚТЖ – Жүк тасымалы» ЖШС Жамбыл филиалының директоры Айдын Сеитбенбетов пен «Қазтеміржолкәсіп» ҚБ Жамбыл филиалының төрағасы Ерболат Жидебаев Тараз қалалық көпсалалы балалар ауруханасының «Қамқор» оңалту орталығындағы балалардың тұсауын кесті. Қамкөңіл аналардың көңілін көтеріп, ем алушы бүлдіршіндердің болашағы жарқын болсын деген үміт-ниетпен ұйымдастырылған тұсаукесер рәсімінде Наурыз мейрамына сыйлықтар тарту етті.

– Оңалту орталығы атауының өзі айтып тұрғандай, мұнда келіп, ем қабылдайтын балалар, олардың ата-аналары да қоғамнан қамқор көңіл күтеді. Балаларымыз денсаулығы түзеліп, қатарға қосылып кетсе деп үміт етеді. Наурыз мерекесінде тұсаукесер рәсімін өткізуі осындай үлкен арманмен жалғасып жатыр. Сондықтан «Қамқор» оңалту орталығының шақыруын қабыл алып, бүлдіршіндерді қуантқымыз келді, – деді Айдын Пайзылдаұлы.

Мерекелік іс-шаралар Жамбыл жол бөлімшесіндегі мәжіліс залында жалғасын тауып, Ұлыстың ұлы күніне орай бір топ теміржолшыларды марапаттау рәсімі өтті. Ал кешке қарай Түрксіб саябағындағы жаппай серуенге ұласты.

*Ардақ ҮСЕЙІНОВА, Жамбыл*
*Суреттерді түсірген автор*

**Биылғы Наурыз мерекесі барлық теміржол мекемелерінде жоғары деңгейде ұйымдастырылып, ұлттық рух пен дәстүрдің жарқын көрінісіне айналды.**





# СӘНІ МЕН САЛТАНАТЫ ЖАРАСҚАН

Әсіресе Қандыағаш жол дистанциясы, Қандыағаш локомотив депосы, Никельтау жол дистанциясы мен Доң станциясында өткен іс-шаралар ерекше атмосферасымен есте қалды. Ұлттық киім киген теміржолшылар мерекенің сәнін кіргізді.

Алға вокзалында жолаушылар мен жолсеріктерге перронда бауырсақ таратылып, көпшілікке мерекелік көңіл күй сыйланды. Ал Шалқар станциясында үлкен қазан асылып, наурыз көже пісірілді. Киіз үй тігіліп, ақ дастархан жайылып, ұлттық ойындар ұйымдастырылды. Бұл шаралар теміржолшылармен қатар жолаушыларға да ерекше әсер қалдырды. Қандыағаш жол дистанциясының ақ дастарханы басында ізгі тілектер айтылып, үлкендер батасын берді. Ұлттық дәстүрлер дәріптеліп, қазақ халқының қонақжайлығы мен кеңпейілділігі кеңінен насихатталды.

Мереке күндері теміржолшылар қазақтың ұлттық киімдерінің сан алуан үлгісін паш етті. Сәні мен салтанаты жарасқан шапан, бешпент пен қамзолдар көздің жауын алып, әрбір қызметкер өз даралығын көрсетіп, ел бірлігі мен мәдени аралуандығын таныта білді.

«Қазақтың киімі қарапайым әрі ыңғайлы, бірақ сонымен бірге өзінің мәнін, иесінің мәртебесін білдіреді. Ұлттық киім күні әркімге өз даралығын көрсетуге, еліміздің бірлігі мен мәдени байлығын танытуға мүмкіндік береді. Сондықтан біздің теміржолшылар бұл дәстүрге әрдайым құрметпен қарайды», – деді Ақтөбе магистральдық желі бөлімшесі кәсіподақ ұйымының төрағасы Айша Қалағанова.

Мерекелік бағдарлама аясында ұлттық ойындарға да ерекше мән берілді. Арқан тарту, қол күрес, гир көтеру, қой көтеру сияқты сайыстар ұйымдастырылып, жығылған балуанға да бәйге берілген күн болды.

*Ардақ ЕРУБАЕВА, Ақтөбе*
*Суреттерді түсірген автор*

# ТОЙДАН ТОБЫҚТАЙ...

**Атырау жүк тасымалы және магистральдық желі бөлімшелеріне қарасты құрылымдық мекемелер кәсіподақ ұйымының қолдауымен Ұлыстың ұлы күні – Наурыз мерекесін атап өтті.**





Ақжайық станциясының алдындағы кең алаңға киіз үйлер тігіліп, Жүк тасымалы мен Магистральдық желі бөлімшелеріне бөлек қала басындағы станциялар, жол, электр, байланыс дистанциялары, вагон, локомотив деполары және «Қазтеміртранс» АҚ филиалы да өз алдына үй құрды. Соған сәйкес халық та көп жиналып, биыл сала ардагерлерінің қатысуы да молынан байқалды.

Халықтық сипат алған шараны қос бөлімше басшылары мен ардагерлер кеңесі төрағалары құттықтау сөзбен ашып, жетістіктерге тоқталып, наурыздан наурызға аман жетуді тіледі. Бір-бірін көптен көрмеген дария кеуде, тау мүсін қариялар мен кимешек киген әже-аналар көрісіп, шұрқырасып жатыр. Орта және жас буын өкілдері сәнді де жарасымды ұлттық киімде. Теміржолшылардың өз күшімен даярланған мерекелік концерт те тыңдармандарға шуақты көңіл-күй сыйлады. «Ел іші – өнер кеніші» демекші әнші де, күйші, биші де теміржолшылардың өздері, өнер жұлдыздарынан бір кем емес. Өнерпаз жастар мерекеге жиналған қонақтардың көңілін көтеріп тастады. Әр киіз үйдің ішінде ақ дастархан жайылып, сырнайлатқан-кернейлеткен әншілер мен күйшілер өнер көрсетіп жатты. Ақжарма тілектер легі ағытылып, үлкендер бата берді. Наурыз көже, құрт-май, жент, сүзбе, қымыз бен шұбат, басқа да ұлттық тағамдар қай киіз үйде де мол болды. Ағаштан ойып жасалған және зергерлік ұлттық бұйымдар жәрмеңкесі де өтті. Далада алтыбақан тебіліп, ұлттық ойындар ойналды. Кір тасын көтеру, арқан тарту, асық ату және ләңгі тебу бойынша жарыс ұйымдастырылып, тойдан тобықтай демекші, сый-сияпатсыз қалған ешкім жоқ.

*Қосұйым МҰҚАШЕВ, Атырау*
*Суреттерді түсірген автор*

# ТЕМІРЖОЛШЫЛАР АУЫЛЫНДА

**Шығыстағы барша теміржолшылар қауымы үшін биылғы Наурыз мерекесі думанға толы болды. Шаһар орталығындағы «Теміржолшылар ауылында» бұл күні қаз-қатар киіз үйлер тігіліп, алтыбақан құрылды.**





Алаңға шаһар жұртшылығы ерте жиналды. Тойшыл қауым үшін сала қызметкерлері арнайы дастархан жайып, тегін наурыз көже мен бауырсақ таратты.

Әуелгі кезекте сахна төрінде әжелердің дәстүрлі «аластау» рәсімі өткізіліп, соңынан мерекелік құттықтауларға кезек берілді. Жұртшылық алдына шыққан Құрметті теміржолшы, бірер айда 89 жасқа толатын қадірменді қария Қырықбай Әлсейітұлы бата берді. Сонымен қатар Семей ЖТ бөлімшесінің басшысы Алмас Сейсемқанов та құттықтау лебізін білдірді.

Осыдан соң мерекелік бағдарламалар жалғастық тауып, нағыз думан басталды. Қаладағы өнерпаздар ұжымы ұлттық нақыштағы ән мен биге кезек берсе, қаз-қатар тізілген киіз үйлерге ағылған көпшілік ет пен қымыз, наурыз көжеден дәм татты. «Қазтеміржолкәсіп» ҚБ Семей өңірі бойынша өкілі Асқар Қажығұлов, Семей ЖТ кәсіподақ ұйымының төрайымы Айгүл Берікболова және кәсіподақ белсенділері Зульфия Еникеева, Серік Дүйсенбай, Шәрбат Мейірманова бастаған топ меймандарды қарсы алып, шығарып салып отырды. Ақ дастарханға ризашылық білдірген көпшілік «Ақ мол болсын!» деп тілектестік білдіріп, алғыстарын жаудырып жатты.

Теміржолшылар ауылына жергілікті атқарушы билік өкілдері де бас сұғып, қонақ болды. Арнайы құрылған комиссия Семей станциясы, Локомотив ауылы, Семей вагон пайдалану депосы сынды жекелеген киіз үйлердің жабдықталуын жоғары бағалады. Айта кетейік, Семей станциясының теміржолшылар жеке үй тігіп, арнайы этнографиялық фотостудия әзірлепті. Бұл креативті бастаманың авторы станцияның бас инженері Бекзат Кәрімханов бұл жолғы мерекенің әсіресе жастар үшін тағылымдық, тәрбиелік мағынаға ие болуын көздегендерін айтады.

Алаңның бір шетінде спорттық ойындардан сайыс өткізілді. Арқан тарту, кір тасын көтеру сынды іс-шаралардың жүлдегерлеріне арнайы тағайындалған мерекелік бағалы сыйлықтар тарту етілді. Бұл ойындарда қозғалыс ревизоры Ернұр Тұрсынбеков бастаған РБ-6 аппаратының жігіттері топ жарды. Осылайша биылғы наурыз жылдағы қалыптасқан дәстүрден өзгеше сипатта, ерекше көңіл күймен мейлінше думанды өтті.

*Қуан ЕРТІС, Семей*
*Суреттерді түсірген автор*

# ИНДИРАНЫҢ НАУРЫЗ КӨЖЕСІ

**Жамбыл магистральдық желі бөлімшесінің ұжымы персоналды басқару бөлімінің бастығы Индира Қоңқашеваның наурыз көжесін мақтағанда еріксіз тамсанасыз. «Тілі дәм үйіретін ондай наурыз көже ішкен емеспін» дейтіндер көп.**



– Жыл сайын Жамбыл магистральдық желі бөлімшесі мен Жамбыл жүк тасымалы бөлімшесі бірлесіп, Ұлыстың ұлы күнін және теміржолшылар мерекесін ерекше атап өтеді. Жыл басы саналатын Наурызда «Түрксіб» саябағында ақшаңқан киіз үйлер тігіліп, алтыбақан құрылып, ән-думанға бөленеді. Осы мерекелерде барлық ұйым мүшелері белсенді атсалысып, түгел үлес қосады. Көктем тойында өзім жақсы көретін наурыз көже, сырбаз пісіремін. Наурыз көженің дайындау тәсілін анам үйретken, сырбаз жасауды енемнен үйрендім, – дейді Индира.

Өскен-өнген әулетте қазан жиі көтерілетіні белгілі, сондайда ғұрыптық асты жиі дайындайтындығының пайдасы осындайда тиеді. Теміржолшылар Индира Шаяхметқызы пісірген дәмі тіл үйіретін наурыз көжені ішуге асығып тұрады.

